



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2023 жылғы 09 қараша

KASE-ге KEGOC SPO шеңберінде орналастырудың жалпы көлемінің 82,4%-дан астамы тартылды

Қазақстандық қор биржасы (бұдан әрі – Биржа, KASE) ең ірі қазақстандық ұлттық компанияның және Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы болып табылатын "KEGOC" АҚ-ның жай акцияларын қайталама орналастыру (SPO) қорытындылары бойынша KASE сауда-саттық жүйесінде 18,7 млрд теңге мөлшерінде қаржы тартылғанын хабарлайды. Бұл орналастырудың жалпы көлемінің 82,4%-ын құрайды.

"KEGOC" АҚ-ның KZ1C00000959 (KEGC) жай акцияларына KASE-де жазылу барысында инвесторлардан жалпы сомасы 28,8 млрд теңгені құрайтын 37 445 өтінім түсті. Соның ішінде жеке тұлғалардан түскен өтінімдер көлемі 12,6 млрд теңгеге (қабылданған өтінімдер көлемінің 43,9%), сақтандыру ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер және брокерлер түріндегі институционалдық инвесторлардың өтінімдері 14,5 млрд теңгеге (қабылданған өтінімдер көлемінің 50,3%) және заңды тұлғалардың өтінімдері 1,7 млрд теңгеге (5,8%) жетті. KASE-дегі ұсынысқа қатысты сұраныс 127 % құрады.

"Самұрық-Қазына" АҚ Директорлар кеңесі KASE-де жиынтық көлемі 18,7 млрд теңгені құрайтын 37 444 өтінімді қанағаттандыру туралы шешім қабылдады. Осыған орай, KASE-дегі сұраныстың жалпы көлемінің 64,9% қанағаттандырылды. Бұл ретте жеке тұлғалар берген барлық белсенді өтінімдер толық көлемде, заңды тұлғалардың өтінімдері ішінара қанағаттандырылып, институционалдық инвестордың бір өтінімі қанағаттандырылған жоқ.

Жеке тұлғалардың шоттарына орналастыру нәтижелері бойынша 12,6 млрд теңге (KASE-де орналастыру көлемінің 67,6%) сомасына қағаздар түсті, институционалдық инвесторлардың қанағаттандырылған өтінімдерінің көлемі 4,4 млрд теңгені (23,4%), заңды тұлғалардың өтінімдері 1,7 млрд теңгені (9,0%) құрады.

KASE сауда-саттық жүйесі арқылы өтінімдерге жазылу және жинау бойынша есеп айырысуларға Биржаның еншілес ұйымы – "KASE клиринг орталығы" АҚ кепілдік бергенін айта кеткен жөн. Өтінімдерді жинау кезеңінде KASE-нің 18 мүшесі өз клиенттерінің атынан өтінім берді. Бұл ретте жаңадан енгізілген шот омнибусы технологиясы бойынша KASE-ге 19 мыңнан астам инвестор өтінім берді.

KASE-де 2023 жылғы 28 қыркүйек пен 27 қазан аралығында өткен "KEGOC" АҚ-ның қазіргі акционерлері үшін басымдықпен сатып алу құқығы шеңберінде 3,9 млн теңге көлемінде акциялар сатылды.

KEGOC SPO толық ауқымда өткізу мақсатында KASE Қазақстанның 5 ірі қаласындағы жетекші жоғары оқу орындарының алаңдарында 2000-нан астам адамды қамтыған қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкесін өткізді. Биржа қор нарығында қаржылық сауаттылықты арттыруды көздейтін "KASE-дегі менің портфельім" кешенді оқыту бағдарламасы, Бөлшек инвесторлар байқауы және "Биржалық симулятор" оқыту сауда-саттығы сияқты бірқатар іс-шараларды ұйымдастырды.

2014 жылдың соңында өткізілген "KEGOC" АҚ IPO барысында акцияларды сатып алуға берілген өтінімдер саны 41 991-ге жетіп, жалпы сомасы 16,7 млрд теңгені құрағанын естеріңізге саламыз. Сұраныс ұсыныстан 1,3 есе асып түскен болатын.

Мәлімет үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен жүргізілген сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдау көлемі бойынша төртінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты дамуды қолдайтын қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

"KASE клиринг орталығы" АҚ Биржаның "eTrade.kz" ЖШС атты еншілес ұйымын қайта ұйымдастыру жолымен құрылды және 2022 жылғы 21 маусымда тіркелді. Клиринг орталығы Биржаның 2024 жылға дейінгі даму стратегиясының "Орталық контрагентті негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде дамыту" бағытына сәйкес құрылды.

Қосымша ақпарат алу үшін: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.